

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ «№19 ОРТА МЕКТЕБІ» КММ

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Ақтөбе 2023ж.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ «№19 ОРТА МЕКТЕБІ» КММ
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕБІ

Психолог қызметінің негізгі мақсаты - даму және оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім процесіне қатысушылардың денсаулығын қорғау мақсатында, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және жүргізу.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Білім беру жүйесінің барлық субъектілеріне қажетті психологиялық көмек беру (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар);
- Баланың жас ерекшелігіне байланысты, әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету.
- Оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге психологиялық көмекті және демеуді ұйымдастыру.

1,5,10 КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ДИАГНОСТИКАСЫ
ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

№19 орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында барлығы 1238 оқушы білім алуда.

Ағымдағы оқу жылда 1 қазақ сыныбына барлығы 62 оқушы қабылданды (1 «А», 1 «Ә», 1 «Д»). Қазан айында 1-класс оқушыларының оқуға бейімделуі мен психологиялық даярлығын анықтау мақсатында Керн-Йерасек әдістемесі алынды. Жүргізілген әдістеме нәтижесінде бейімделуі төмен деңгейді көрсеткен 1 оқушы (ЕБҚ бар оқушы) анықталды. Бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушымен мазасыздықты жоюға бағытталған және оқуға психологиялық даярлықты нығайту мақсатында психологиялық дамыту-түзету сабақтары өткізілді. Сәуір айында оқушылардың бейімделуін қайта зерттеу мақсатында Керн-Йерасек әдістемесі алынды. Нәтижесінде бейімділіктің төмен деңгейін көрсеткен оқушы анықталмады.

Ағымдағы жылда 5 сыныптарда барлығы 57 оқушы білім алуда (5 «А», 5 «Ә», 5 «Д»). 5-класс оқушыларының оқу процесіне бейімделуін зерттеу үшін Н.Г. Лускановтың анкетасы алынды. Анкета нәтижесінде 1 оқушы бейімделудің төмен деңгейін көрсетті. Бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушымен мазасыздықты жоюға бағытталған және оқуға психологиялық даярлықты нығайту мақсатында психологиялық дамыту-түзету сабақтары өткізілді. Сәуір айында оқушылардың бейімделуін қайта зерттеу мақсатында Н.Г. Лусканов анкетасы алынды. Нәтижесінде бейімділіктің төмен деңгейін көрсеткен оқушы анықталмады.

10 сыныптар бойынша барлық 18 оқушының бейімделуін зерттеу мақсатында

Н.Г.Лусканов анкетасы алынды.Анкета нәтижесі бойынша бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен оқушы анықталмады.



ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Қыркүйек айында 6-11 сынып оқушыларынан агрессиялық мінез-құлықты анықтау мақсатында А.Басс және А.Дарки сауалнамасы алынды.Сауалнамаға барлығы 6-11 сыныптан 224 оқушы қатысты,агрессиялық мінез-құлықтың жоғары деңгейін көрсеткен оқушы анықталмады.Қазан айында 63 оқушыны құрайтын 6-7 сынып оқушыларынан Зунге сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардан депрессиялы күй анықталмады.Аталған айда 5 сынып оқушыларынан жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында Р.Гудман сауалнамасы алынды,нәтижесінде ерекше назарды талап ететін оқушылар анықталмады. Қазан айында жоспар бойынша депрессия, қорқыныш-үрей және стресс деңгейлерін анықтау мақсатында 142 оқушыны құрайтын 8-11 сынып оқушыларынан DASS сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесінде стресс,депрессия, қорқыныш-үрей көрсеткіштері бойынша шекті мәннен асқан оқушы анықталды. Ақпан айында оқушылардың жекелік және ситуативті мазасыздықтарын анықтау мақсатында Спилберг сауалнамасы алынды.Сауалнамаға барлығы 8-11 сынып бойынша 142 оқушы қатысты,алайда мазасыздықтың жоғары деңгейін көрсеткен оқушылар анықталған жоқ.Жалпы диагностикалық зерттеудің қорытындысы бойынша ерекше назарды талап ететін оқушылар анықталмады.




ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ЖҰМЫСЫ

Психологиялық қызметтің кеңес беру бағыты бойынша оқушылармен әкімшіліктің, сынып жетекшілердің, ата-аналардың сұраныстары бойынша жеке сұхбаттасу жұмыстары жүргізіліп, мәселелерін шешуде уақытылы бағыт пен көмек берілді.

КЕЛЕҢСІЗ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ

Келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарға тоқталсақ, 6-11 кл. оқушыларымен жыл бойы «Буллинг пен кибербуллингке жол жоқ» атты тренинг-сабақтар, интернеттегі қауіпсіздіктің алдын алу бойынша, 8-11 кл. оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша «Жасөспірім және құқықбұзушылық», суицидтің алдын алу бойынша «Психологиялық денсаулық және оны қалай сақтауға болады?», «Стресс және оны жеңу жолдары», «Өз-өзінді басқара біл» және т.б. тақырыбында лекциялар, тренингтер ұйымдастырылып, бейнероликтер көрсетілді. Желтоқсан айында мектебіміздің тәрбие орынбасарлары мен медицина қызметкерімен біріге барлық 8-11 сыныптың қыз балаларымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналыста осы тақырып аясында мәліметтер беріліп, бейнероликтер көрсетіліп, қыз балалар көкейлеріндегі сұрақтарға жауап ала білді. Желтоқсан айында 8,9,10,11 сынып оқушыларына психикалық денсаулық туралы хабардар ету мақсатында «Көңіл-күйінді көтеріп, қуана біл» кітапшалары таратылды. 23

ақпан күні құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу бойынша Ақтөбе облыстық ғылыми тәжірбиелік орталығы психологиялық әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскері Сарсенғалиева Майра 10-11 кл оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Сәуір айында 6-11 кл.қыз балаларымен жеке гигиенаны сақтау тақырыбында әңгімелесу жүргізілді.




ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Ағымдағы оқу жылда оқушылардың кәсіби бағыттылығын анықтау мақсатында жұмыс жоспары құрылды. Қазан айында 9,11 сынып оқушыларынан қызығушылықтары мен кәсіби икемділіктерін анықтау мақсатында «Қызығушылықтар картасы» сауалнамасы алынды. Сауалнамасы нәтижесі бойынша 29 қызмет саласы бойынша оқушылардың

қызығушылықтары анықталып, хаттама толтырылды.

Желтоқсан айында 9-11 сынып оқушыларымен ҰБТ, емтиханалды мазасыздықтарын жоюға байланысты психологиялық тренинг сабақ жүргізілді. Аталған айда оқушыларға мамандық таңдауға байланысты бейнероликтер көрсетіліп, нұсқаулықтар таратылды. Оқушылармен жыл бойы осы бағыт бойынша уақытылы қолдау мен сұхбаттасу жүргізілді.



ПЕДАГОГТЕРМЕН ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылында мұғалімдермен жүргізілетін психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары құрылды. Жыл бойы мұғалімдерге балалардың психологиялық жас ерекшеліктері, оқуы мен дамуында қиыншылықтарын шешуде кеңес берілді. Педагогтерге кәсіби жанудың алдын алу бойынша кеңестер берілді.

Желтоқсан айында мектебімізде ұйымдастырылған «Современный урок-основа эффективного и качественного образования» тақырыбындағы жас мұғалімдерге арналған

қалалық семинарда психологтар қатысым жасап, таныстыру мен рефлексия өткізілді.

Наурыз айында мектеп кітапханашыларына арналған қалалық семинар-практикумда танысу тренингіне психологтар қатысым жасалды.




ДИНИ ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕНІП ЖАТҚАН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылының басында психологиялық қызметтің дінге бейім оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылды. Жоспар бойынша оқушыларға жеке папка арналып, діни отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушылардың тізімі жасалды. Жыл бойы оқушылармен стресс, депрессия, мазасыздық деңгейлерін анықтауға арналған Дасс сауалнамасы, жағдаяттық және жекелік мазасыздықты анықтауға арналған Спилберг сауалнамасы, «Отбасы» суреті, темпераментті, діни көзқарасы мен бейімділігін анықтайтын және т.б. диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Осы санаттағы оқушылармен уақытылы кеңес беру жұмыстары және де келеңсіз жағдайлардың орнын алу мақсатында профилактикалық бірқатар жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар әлеуметтік педагогтермен, класс жетекшілермен біріге оқушылардың тұрмыстық жағдайы, отбасылық климаты зерттеліп, акт толтырылды.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылында мектебімізде қазақ және орыс кластарында барлығы 177 дарынды оқушы анықталып, оқушылардың қызығушылығы, пәнге бағыттылығы, логикалық таным деңгейлері зерттелді. Сонымен қатар танымдық қабілеттерін дамыту, лидерлік қабілеттерін дамыту, шығармашылық ой-өрісі мен

мотивацияны дамыту мақсатында ойындар, топтық тренингтер өткізілді.



АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Қыркүйек айында 1 сыныптың ата-аналарынан балаларымен психологиялық жұмыстар жүргізуге рұқсат қолхаты жинақталды. Қазан айында 1,5,10 сынып бейімделудің төмен деңгейіне байланысты ата-аналарға психологиялық кеңестер берілді. Бірінші жартыжылдықта ЕБҚ бар оқушылардың ата-аналарына ашық есік күні ұйымдастырылып, психологтар тарапынан қызықты танысу тренингі жүргізілді. Жыл бойы ата-аналар жиналыстарына қатысым жасалды, қажетті ұсыныстар берілді, қызықтырған сұрақтарына жауаптар берілді. Қазан айында мектеп ата-аналарынан баламен қарым-қатынасына байланысты анкета алынды. Сонымен қатар, жыл бойы оқушылардың жеке мәселелері, ата-ана мен бала қарым-қатынасы бойынша ата-аналарға сұраныстары бойынша психологиялық кеңестер беріліп, қолдау көрсетілді.



«ТӘУЕКЕЛ» ТОБЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылында «Тәуекел тобындағы» оқушылар тізімі құрылып, осы оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылды. Өр оқушыға жеке папка арналып, оқушы және оның отбасы туралы толық ақпарат жинақталып, психологиялық-педагогикалық даму картасы толтырылды. Жоспарға сәйкес, қыркүйек айында оқушылардың сабақтарына кіріп, қоңырауда бақыланды. Жыл бойы оқушылармен келесідей диагностикалық жұмыстар жүргізілді: «Отбасы суреті» жобалау әдістемесі, агрессияны анықтайтын «Кактус» әдістемесі эмоционалдық жай-күйін зерттейтін Люшер тесті, мектеп пен оқушыларға көзқарасын анықтайтын «Аңдар мектебі» әдістемесі және т.б.. Эмоционалдық жай-күйін қалыпқа келтіру, мінез-құлқын түзету, тұлғалық дамыту мақсатында жеке және топтық психологиялық түзету жұмыстары жүргізілді. «Тәуекел тобындағы» оқушылармен девиантты мінез-құлықтың, суицидтің, буллинг пен кибербуллингінің алдын алу бойынша, тәртіпбұзушылықтың алдын алу т.б мақсатындағы топтық түзету лекциялары мен тренинг-сабақтарына қатысым жасады. Мектебіміздің тәрбие орынбасарлары, класс жетекшілері, әлеуметтік педагогтерімен талған санаттағы оқушылардың тұрмыстық үй жағдайы зерттеліп, отбасыдағы атмосферасы қадағаланып отырылды.

«СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» ЖӘНЕ «СЕНІМ ЖӘШІГІМЕН» ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылының басында 1-11 класс оқушылары мен барлық ата-аналар мектебіміздегі «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» жұмысы туралы хабардар етілді. Аталған оқу жылында бұйрыққа сәйкес сенім жәшігі және сенім телефонымен келесі жұмыстар жасалды: айына 2 рет мектеп директоры Ж.М.Шабаровпен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.А.Китигулова мен С.М.Аяпбергенова, мектеп психологтары І.Б.Хамитова, Ш.Т.Ахметтің қатысуымен сенім жәшігі ашылды. Ағымдағы оқу жылында «Сенім жәшігіне» барлығы 7 хат келіп түсті. Хаттар оқушылардан өтініш ретінде түсті. Хаттардың мазмұндары көбінесе оқушылар арасындағы қарым-қатынас жөнінде, мотивация жетіспеушілігі мен жағымсыз әдеттерден қалай арылуға болатындығы туралы болды. Түскен хаттардың барлығы қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Барлық келіп түскен хаттар бойынша мектеп психологтары айына екі рет акт толтырып отырды. «Сенім телефонына» 4 қоңырау түсті. Қоңыраудың мазмұны көбінесе ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушіліктер, сыныптастар арасындағы кикілжіңдер және жеке сұрақтар бойынша болды. Келіп түскен қоңыраулар бойынша психологиялық кеңес беру және алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Шешімі: 2022-2023 оқу жылының есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша барлық көзделген психологиялық жұмыстар толық жүзеге асқан жоқ. 2022-2023 оқу жылында суицид пен буллингтің алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарға көп көңіл бөлінуі тиіс.

2023-2024 оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Оқушылар арасында әртүрлі проблемаларды ерте анықтау үшін психологиялық-педагогикалық диагностиканы жүргізу.

2. 2023-2024 оқу жылына келеңсіз жағдайлардың алдын алуға арналған жаңа психологиялық бағдарлама әзірлеу.